

## Хаттама №1

Ш.Уәлиханов орта мектебі

10.01.2019 жыл

### Қатысқандар:

1. Мендигереева А.К.
2. Мукиева Г.М.
3. Абилова А.
4. Избасарова С.
5. Муканбеткалиев С.
6. Байдешова С.
7. Тұрғалиева С.

1-4 сынып аралығындағы оқушыларды және жетім, жартылай жетім және аз қамтылған отбасылар оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету комиссиясының хаттамасы

### Күн тәртібінде:

1. Тамақтанатын оқушылар санын анықтау;
2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ететін өнім берушінің жұмысын талдау, өнім берушіні анықтау;

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша мектеп директоры Мендигереева А.К.

Күн тәртібімен таныстырғаннан кейін, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі "Білім туралы" №319 Заңның 48 бабы "Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау" 5-тармағының негізінде оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін 2019 жылдың 10 қаңтарынан бастап 1-4 сынып аралығындағы және жетім, аз қамтылған, жартылай жетім оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жалғастырылатындығын айтып, оқушы санын анықтау қажет екендігін хабарлады.

Әлеуметтік педагог С.Избасарова:

1-4 сыныптар арасында 420 (1) оқушы, 5-11 сыныптар арасында жетім, жартылай жетім, аз қамтылған 15 оқушы тамақтанатындығы туралы

хабарлады. Ыстық тамақтан бас тартқан оқушы жоқ. I-жарты жылдықта ата-аналар тарапынан, оқушылардан тамақтың сапасы туралы арыз-шағымдар болған жоқ.

2-ші мәселе бойынша

Ыстық тамақпен бірнеше жылдан бері ЖК "Кубашева" оқушыларды тамақтандырып келеді. Ол кәсіпкер жұмыс істеген уақытта ата-аналар тарапынан бірнеше рет алғыс айтылды. Оқушылар ыстық тамаққа риза. Ыстық тамақ жөнінде шағым болған жоқ. Сондықтан ЖК "Кубашева" - ны өнім беруші ретінде қалдыруды ұсынамын.

### Шешімі:

1. 1-4 сынып оқушылары және жетім, аз қамтылған, жартылай жетім оқушыларды ыстық тамақпен қамтылуы жалғастырылсын.
2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ететін өнім беруші ЖК "Кубашева" -мен ыстық тамақ беруді жалғастыруға келісім шарт жасақталсын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



Мендигереева А.К.

Бижанова Д.Х.